

«Жамбыл орта мектебі» КММ оқушылардың үш жылғы нәтижелері бойынша диаграмма көрсеткіші



оқу жылы	қалалық	облыстық	республикалық
2023-2024	32	12	12
2024-2025	38	13	18
2025-2026	55	16	22

Соңғы үш оқу жылы бойынша мектеп оқушыларының конкурс, олимпиада, ғылыми жоба және түрлі оқуларға қатысу көрсеткіштері нәтижесінде оқушылардың зияткерлік, шығармашылық және ғылыми бағыттағы белсенділігінің жыл сайын артып отырғаны байқалады.

2023–2024 оқу жылында оқушылардың қалалық деңгейдегі жетістіктері – 32, облыстық деңгейде – 12, республикалық деңгейде – 12 көрсеткішті құрады. Бұл кезеңде оқушылардың пәндік олимпиадаларға, шығармашылық байқауларға, ғылыми жобаларға қатысуына бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

2024–2025 оқу жылында барлық деңгей бойынша өсім байқалды. Қалалық көрсеткіш 38-ге, облыстық көрсеткіш 13-ке, республикалық деңгейдегі нәтиже 18-ге жетті. Әсіресе республикалық деңгейдегі көрсеткіштің артуы оқушылардың ғылыми және зияткерлік дайындықтарының күшейгенін көрсетті. Бұл нәтижеге дарынды оқушылармен жүргізілген мақсатты жұмыстар, қосымша дайындық сабақтары мен жетекшілердің жүйелі қолдауы оң әсер етті.

2025–2026 оқу жылында жетістіктер саны айтарлықтай артты. Қалалық деңгейдегі көрсеткіш 55-ке жетіп, алдыңғы жылдармен салыстырғанда едәуір жоғарылады. Облыстық деңгейде 16 нәтиже көрсетілсе, республикалық деңгейдегі көрсеткіш 22-ні құрады. Бұл – соңғы үш жылдағы ең жоғары нәтиже.

Жалпы талдау нәтижесі мектепте дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін көрсетеді.

Мектеп директоры



Б.Ш. Ақтаева